



*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми
кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі*

Ағарту ісінің қарлығашы



**/ағартушы-педагог, журналист, аудармашы Нəзипа Құлжанова туғанына
135 жыл/**

Библиографиялық көрсеткіш

*«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі*

Ағарту ісінің қарлығашы

**/ағартушы-педагог, журналист, аудармашы Нәзипа Құлжанова
туғанына 135 жыл/**

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық 2022 жыл

ӘОЖ 371
КБЖ 74.00
А 23

Құрасты., компьют. терген: Т.С. Қойшыбаева
Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

Құрастырушы: Т.С. Қойшыбаева
Шығарылымға жауапты: К. Б. Борибаева
Мұқабаны безендірген: Т.С. Қойшыбаева
Редактор: Ә. Қ. Ахметжанова

Ағарту ісінің қарлығашы [Мәтін] : /ағартушы, педагог, журналист, аудармашы Нәзипа Құлжанова туғанына 135 жыл/ : библиографиялық көрсеткіш /Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Т.С. Қойшыбаева ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ.Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2022. – 36 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі ағартушы, педагог, журналист, аудармашы Нәзипа Құлжанова туғанына 135 жыл толуына орай биографиялық көрсеткіш дайындады. Библиографиялық көрсеткіште Нәзипа Құлжанованың өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 371
КБЖ 74.00

© Т. С. Қойшыбаева

Құрастырушыдан

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі ХХ ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист, педагог, этнограф, аудармашы, Құлжанова Нәзипа Сағызбайқызының туғанына 135 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткіш әзірлеп оқырман назарына ұсынды. Библиографиялық көрсеткішке Назипа Құлжанованың өмірі мен қызметі жайындағы мағлұматтар берілген. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімдер Н. Құлжанованың мерзімді басылым бетіндегі жарияламдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған. Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған

Алғашқы қарлығаш



Құлжанова Нәзипа Сағызбайқызы (1887-1934) – педагог-ағартушы, журналистаудармашы, этнограф, Орыс Географиялық қоғамының мүшесі. 1887 ж. Торғай қаласында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған орыс-қазақ мектебінде оқыды. 1902 жылы Қостанай әйелдер гимназиясын бітірген. 1903-04 жж. 15 жасында Торғай әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі міндетін атқарды. Соңынан Орынбор мұғалімдер семинариясын аяқтайды. 1905-20 жж. Семей қ. Мұғалімдер семинариясында оқытушы болды. 1902 ж. Нәзипа Шұбар болысы мектебінің мұғалімі Нұрғали Құлжановпен танысып, кейіннен оған тұрмысқа шығады. 1905 жылы олар Семей қаласына көшеді. 1913 ж. Нәзипа Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің «Гражданские спутники» («Азамат серіктігі») тобының мүшесі болады. Семейде қызмет істеген жылдары Нәзипа ұлы Абайдың отбасы, көптеген белгілі қайраткерлермен жақын танысады, олардың арасында жер аударылған революционерлер де болған еді. Семей Географиялық қоғамының мүшесі ретінде маңызы зор әдеби-музыкалық және этнографиялық кештер ұйымдастырады. Нәзипа Құлжанова Абайдың ақындық мұрасын қазақ және орыс халқы арасында насихаттаушының бірі болды. Ол Абайдың «Махаббат туралы», «Желсіз түнде жарық-ай» («Безветренная ночная луна») өлеңдерін орыс тіліне аударды. Соңғы аударылған өлеңі 1915 жылы «Сибирский студент» журналына басылды. Нәзипа Құлжанова ұйымдастырған екінші ірі іс-шара – 1915 ж. 13 ақпанда өткізілген әдеби-музыкалық қайырымдылық кеші еді. Бұл оқиға жайында «Айқап» және «Қазақ» журналдары шағын мақала жазды. Нәзипа Құлжанованың әдеби-музыкалық кешін өткізу тәжірибесі ұлттық театрды қалыптастыруда қолданылды. Ол өз қызметінде жастар тәрбиесі мен халықтың мәдени жаңғырту мәселелерін көтерді. 1917 жылы Нәзипа Семей облысы қазақтарының съезіне қатысып, Съезд басқармасы қатарына кіреді. 1920 жылы Нәзипа Құлжанова Қазақ автономиялық республикасының Ағарту комиссариаты комиссиясының оқулықтар, кітаптар әзірлеу, баспа ісі жөніндегі құрылымына кіреді. 1922 ж. Нәзипа «Еңбекші қазақ» газетінің редакциялық коллегиясының мүшесі болады. 1920-1922 жж. Н. Құлжанова Ақмола қаласында мұғалім болып қызмет етті. Ол 1923-1925 жж. «Қызыл Қазақстан» («Красный Казахстан»), «Равенство женщин» журналдарында қызмет атқарып, «Айқап», «Қазақ», «Знамя единства», «Алаш» газеттеріне

мақалаларын жариялады. 1925-1929 жж. Н. Құлжанова қоғамдық-саяси және әдеби-көркем «Әйел теңдігі» журналында жауапты хатшы болды. Н. Құлжанованың өтінішімен орыс композиторы Александр Затаевич «Ғайни-ау, сәулем», «Плач Кадыра» әндеріне музыка жазды. Нәзипа жолдасы қайтыс болғаннан кейін екі жыл бойы Ақмола қ. мұғалім болады. 1923 ж. «Қызыл-Қазақстан» журналына ауысып, әдеби-аудармамен айналысады. Ол орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударды. Соның ішінде, ол В. Г. Короленко мен Б. А. Лавреневтің кітаптарын қазақ тіліне, сондай-ақ, қазақ тілінен орыс тіліне аударды (Ы. Алтынсарин «Көктем»). Н. Құлжанова әйелдер қозғалысын дамытуға күш салып, әйелдердің қоғам өміріне белсенді араласуына қолдау берді. Ол Шығыс әйелдерінің Бірінші съезін ұйымдастыруға қатысты. Қазақстанның мерзімді басылымдарына мақалаларын жариялап, аударма ісімен айналысты. Өзі де кітап жазды. Ол 1923 ж. Орынборда шыққан «Дошкольное воспитания» («Мектептен бұрынғы тәрбие»), 1927 ж. Орынборда шыққан «Мать и дитя» («Ана мен бала») кітабының авторы. Ол кітаптар бүгін де өзекті. «Мать и дитя» («Ана мен бала») кітабы ана болу және қазақ әйелінің педагогикалық білімі мәселелеріне арналды, ол кезде қазақ тілінде педагогикалық кітаптар болған жоқ. Н. Құлжанова мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастырып, ашуға белсенді түрде қатысты. «Дошкольное воспитание» еңбегінде қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері ашылған. Нәзипа Құлжанова қазақ педагогикасын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан. Н. Құлжанова 1934 жасында қырық алты жасында қайтыс болды. Соңында мол шығармашылық мұрасы қалды.

Шығармалары:

Құлжанова, Н. Шығармалары [Мәтін] : [мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар] / Н. Құлжанова ; құраст., алғы сөз жазғ.: С. Негимов. - Алматы: Ана тілі, 2014. – 384 б.

Кәрібжанова, Г. А. Нәзипа Құлжанова [Мәтін] : [монография] / Г.А. Кәрібжанова. – Семей: Интеллект, 2012. – 198 б.

Қожакеев, Темірбек. Нәзипа Құлжанова [Мәтін] / Т. Қожакеев // Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. - Алматы, 1995. – 81–89 б.

Жарықбаев, Қ. Нәзипа Құлжанова [Мәтін] / Қ. Жарықбаев ; Қали Жарықбаев // Жарықбаев Қ. Қазақтың тәлім - тәрбиесі. - Алматы, 1995. – 261–264 б.

Нәзипа Құлжанова [Мәтін] / Т. Қожакеев // Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. - Алматы, 1995. – 81–89 б.

Нәзипа Құлжанова [Мәтін] / Құраст. Д. Дәуренбекова // Алғашқы қарлығаштар. - Алматы, 1993. – 17–29 б.

Мерзімді басылым беттеріне жарияланған әдебиеттер тізімі

1. Ахметқызы, Сәуле. Білімнің шырағы, сұлулықтың шынары [Мәтін] : [ұстаз Нәзипа Құлжанованың туғанына 135 жыл] / С. Ахметқызы // ARQALYQ habary. – 2022. – 6 мамыр. – Б. 4.
2. Досжанова, Қымбат. Ақ көңілді, кең пейілді [Мәтін] : Нәзипа Сайтбекқызы туралы бір үзік сыр / Қ. Досжанова ; суретті түсірген Бағдат Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2021. – 5 наурыз. – Б. 6.
3. Құлжанова, Назерке. Әділ сөздің алдаспаны [Мәтін] : [шындықтың адам өміріндегі маңызы туралы] / Н. Құлжанова // Қазақстан мектебі. – 2021. – № 9. – Б. 58–59.
4. Жұмабек, Қуаныш. Аударма саласындағы Нәзипа Құлжанованың рөлі [Мәтін] : [мақала] / Қ. Жұмабек // Ақиқат. – 2020. – № 3. – Б. 4.
5. Нәзипа – алғашқы абайтанушылардың бірі [Мәтін] : [журналист Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова туралы] / С. Өтелбаева // Қостанай таңы. – 2020. – 24 қаңтар. – Б. 11.
6. Тоқтарбай, Елдос. Ұлтқа қызмет еткен [Мәтін] : Нәзипа Құлжанованың абайтануға қосқан үлесі хақында / Е. Тоқтарбай // ANA TILI. – 2020. – 20–26 тамыз. – Б. 12.
7. Жүнісұлы, Мұрат. Бірегей білім ордасы [Мәтін] : Нәзипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2019. – 4 қаңтар. – Б. 5.
8. Нәзипа Құлжанова және Ахмет Байтұрсынов [Мәтін] : [ұстаз Нәзипа Елге елеулі екеу [Мәтін] : [Нәзипа және Нұрғали Құлжановтар туралы] / С. Оспанұлы, К. Мырзағалиева // Үркер. – 2018. – № 3. – Б. 24–25.
9. Алматова, С. Ағарту ісінің қарлығашы [Мәтін] : Н. Құлжанованың туғанына - 130 жыл / С. Алматова // Арқалық хабары. – 2017. – 28 шілде. – Б. 3.
10. Жақсылыққызы, Алма. Сан қырлы талант иесі [Мәтін] : Нәзипа Құлжанованың туғанына –130 жыл / А. Жақсылыққызы // Торғай. – 2017. – 12 мамыр. – Б. 4.
11. Нәзипа Құлжанова - мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы ғалым, көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері [Мәтін] : [мақала] / С. Қалиұлы // Ақиқат. – 2017. – № 7. – Б. 77–79.
12. Нәзипа Құлжанованың туғанына 130 жыл толуына орай облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті [Мәтін] : [тұңғыш әйел журналист] // Арқалық хабары. – 2017. – 26 мамыр. – Б.

13. Әбдіғаниқызы, Қызжібек. Қазақ даласындағы ілімнің өрлеуі немесе Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардың ерен істері [Мәтін] : [торғайлық журналист, ағартушы-педагог Нәзипа Құлжанова жайында мәлімет] / Қ. Әбдіғаниқызы // Қазақ. – 2015. – 17–30 шілде. – Б. 8.
14. Есмағанбетов, Қайрат. Құлжанова мұрасы мен қазіргі ғылым [Мәтін] : [қалалық-ғылыми-практикалық конференция туралы : суреті бар] / Қ. Есмағанбетов // Торғай. – 2014. – 18 сәуір. – Б. 3.
15. Н. Құлжановаға арнау [Мәтін] : [өлеңдер] / Г. Мәлжанбай // Арқалық хабары. – 2013. – 6 қыркүйек. – Б. 4.
16. Кәрібжанова, Гүлжан. Қазақтың қайраткер қызы [Мәтін] : [ағартушы, журналист Нәзипа Құлжанова : суреті бар] / Г. Кәрібжанова // Егемен Қазақстан. – 2012. – 26 желтоқсан. – Б. 6.
17. Нәзипа Құлжанова - мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалаушы [Мәтін] : [ұстаз Нәзипа Құлжанованың еңбектері туралы] / П. Сүйінкина // Қостанай таңы. – 2012. – 18 қыркүйек. – Б. 5.
18. Әбішев, Саят. Алғашқы қарлығаш [Мәтін] : [журналист Нәзипа Құлжанова туралы] / С. Әбішев // Қазақ. – 2011. – 19 тамыз. – Б. 4.
19. Нәзипа Құлжанова [Мәтін] : [қоғамдық-саяси және ұстаздық қызметі] / А. Селкебаева // Қазақ тарихы. – 2011. – № 2. – Б. 29–30.
20. Сейдина, Балмұздақ. Ыбырай жаққан жұлдыздар" [Мәтін] : [ағартушының ізбасарлары Н. Құлжанова, С. Көбеев, Ғ. Балғымбаев туралы] / Б. Сейдина // Торғай. – 2011. – 11 қаңтар. – Б. 3.
21. Хасан, Серікқали. Алашшыл Абайтанушы [Мәтін] : [Қазақтың қайраткерқызы Нәзипа Құлжанова туралы] / С. Хасан // Ақиқат. – 2011. – № 11. – Б. 25–32.
22. Байділдин, Шөптібай. Қазақтың тұңғыш журналист қызы [Мәтін] : [ағартушы, журналист Нәзипа Құлжанова туралы] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. – 2009. – 6 наурыз. – Б. 3.
23. Камалұлы, Мұратқали. Нәзипа мен Нұрғали [Мәтін] : [ағартушы-педагог Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар туралы] / М. Камалұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 9 қыркүйек. – Б. 6.
24. Камалұлы, Мұратқали. Семейден алған әсер мол [Мәтін] : [соғыс ардагері, Құлжановтың немере інісі М. Камалұлының сапарнамасы туралы] / М. Камалұлы // Торғай. – 2008. – 1 ақпан. – Б. 4.
25. Едіресова, Мәрзия. Алыс та жақын Нәзипа [Мәтін] : [Н. Құлжанова атындағы колледждегі атқарылған жұмыстар] / М. Едіресова // Торғай. – 2008. – 8 ақпан. – Б. 46.

26. Жәрімбетова, Нәзира. Екеуі де еліне еңбек етіп еді [Мәтін] : [ағартушы педагог Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтардың атаусыз қалуы туралы] / Н. Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2008. – 13 мамыр. – Б. 6.
27. Камалұлы, Мұратқали. Нәзипа мен Нұрғали [Мәтін] : [ағартушы-педагог Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар туралы] / М. Камалұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 9 қыркүйек. – Б. 6.
28. Алмат, Орекен. Қазақтың тұңғыш жорналшы қызы [Мәтін] : [қазақтың журналист қызы Нәзипа Құлжанова әлі лайықты бағасын алған жоқ] / О. Алмат // Қостанай таңы. – 2007. – 14 наурыз. – Б. 4.
29. Бектібаева, Л. Қазақтың қайраткер қызы [Мәтін] : [Нәзипа Құлжанованың туғанына 120 жыл толуына арналған "Педагог-ғалым.Қоғам қайраткері" атты тақырыптық кеш] / Л. Бектібаева ; Л. Бектібаева // Қазақстан мұғалімі. – 2007. – № 26–27. – Б. 4
30. Жақсанов, Оразалы. Қайсар қазақ [Мәтін] : [қостанайлық мүгедек Темірғали Құлжанов төлт баласын анасыз асырап отыр] / О. Жақсанов // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 6 шілде. – Б. 13.
31. Қазақтың Нәзипасы [Мәтін] : [журналист, ғалым Нәзипа Құлжанова туралы] // Арқалық хабары. – 2005. – 25 наурыз. – Б. 3.
32. Сарпеков, Рамазан. Депутаттық сауал [Мәтін] : [педагогикалық колледжде журналист Нәзипа Құлжанова есімін беру туралы ұсыныс] / Р. Сарпеков // Торғай. – 2003. – 4 сәуір. – Б. 3.
33. Сүлеймен, Мақсұтбек. Ахаң жыр арнаған журналист қыз [Мәтін] : [ұстаз Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова туралы сыр-толғау] / М. Сүлеймен //Торғай. – 2003. – 19 қыркүйек. – Б. 3.
34. Елкеева, Ә. Тәрбиешілік тұлғаның роліне Н. Құлжанованың педагогикалық көзқарастары [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанованың педагогикалық көзқарасы] / Ә. Елкеева ; Ә. Елкеева // Отбасы және балабақша. Семья и детский сад. – 2001. – № 3. – Б. 15
35. Төлепбаева, Г. Қостанай өңірінен шыққан қазақтың журналист әйелдері [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / Г. Төлепбаева ; Гауһар Төлепбаева // Қостанай таңы. – 1999. – 1 қыркүйек. – Б. 3.
36. "Ардақты, бар Нәзипа деген ханым..." [Мәтін] : [Нәзипа Құлжанова – жаңа заман талабына сай оқу-білім жолына түскен санаулы қыздардың бірі] / З. Сағыбаева ; Зәуре Сағыбаева // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. – № 3–4. – Б. 119–124.
37. Кеңесбеков, М. Революцияға дейінгі қазақ әйелдерінің ағартушылық қызметі [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / М. Кеңесбеков // Торғай таңы. –1997. – 5 ақпан. – Б. 3.

38. Қалиев, С. Құлжанова мен А. Байтұрсынов [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / С. Қалиев // Қазақстан мектебі. – 1997. – № 7. – Б. 73–76.
39. Құлжанованың 110 жылдығына орай] / С. Қалиев, Р. Орынбаева // Қазақ мектебі. – 1997. – № 7. – Б. 73–76.
40. Омарова, Ләйла. Сан қырлы талант иесі [Мәтін] : [педагог-ғалым Нәзипа Құлжанованың 110 жылдығына орай] / Л. Омарова // Арқа хабары. – 1997. – 20 шілде. – Б. 2.
41. Сағызбаева, З. Ардақты, бар Нәзипа деген ханым [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / З. Сағызбаева ; Зәуре Сағызбаева // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. – № 3. – Б. 119–124.
42. Сағызбаева, З. Қазақтың қаламгер қыздары [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / З. Сағызбаева ; Зәуре Сағызбаева // Ақиқат. – 1997. – № 12. – Б. 90–91.
43. Сағызбаева, Зәуреқұл. Қайраткер қыз [Мәтін] : [ұстаз Нәзипа Құлжанова жайында] / З. Сағызбаева // Қазақстан мектебі. – 1997. – № 3. – Б. 64–66.
44. Бейсенова, Шәрбану. Дәстүр жалғастығы [Мәтін] : [қазақстан әйелдері журналының алғашқы шығарушылары С. Есова, Н. Құлжанова, Н. Арықова туралы естеліктер] / Ш. Бейсенова // Қазақстан әйелдері. – 1995. – № 9. – Б. 7–9.
45. Бейсенова, Шәрбану. Нәзипа ханым өткізген екі кеш [Мәтін] : [осыдан сексен жыл бұрын "Айқап" журналында жарияланған екі мақала жайлы] / Ш. Бейсенова // Қазақстан әйелдері. – 1995. – № 7. – Б. 8–9.
46. Сыздықова, Рәбиға. Қазақтың тұңғыш журналист қызы [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / Р. Сыздықова // Торғай таңы. – 1995. – 26 тамыз
47. Абдуллин, Әмірхан. Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым [Мәтін] : [жазушы А. Байтұрсынов өлең арнаған Н. Құлжанова туралы] / Ә. Абдуллин // Торғай таңы. – 1993. – 18 ақпан. – Б. 3.
48. Қасымжанова, Гүлжахан. Нәзипаны ұмыттық па? [Мәтін] : [ұстаз Нәзипа Құлжанованың еңбектері жайында] / Г. Қасымжанова // Арай. – 1993. – № 5. – Б. 22–23.
49. Қасымжанова, Т. Нәзипаны ұмыттық па? [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / Т. Қасымжанова // Арай. – 1993. – № 5,6. – Б. 22.
50. Нәзипаны ұмыттық па? [Мәтін] : [ұстаз Нәзипа Құлжанованың еңбектері жайында] / Г. Қасымжанова // Арай. – 1993. – № 5. – Б. 22–23.

51. Негимов, Серік. Елеулі еңбек - ел кәдесіне [Мәтін] : [ұстаз Нәзипа Құлжанованың еңбектері жайында] / С. Негимов // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 8 қазан. – Б. 14.
52. Имашев, М. Нәзипа Құлжанова [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / М. Имашев ; Мұхаметқан Имашев // Ақиқат. – 1991. – № 12. – Б. 63–72 .
53. Имашев, М. Нәзипа Құлжанова [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / М. Имашев; Мұхаметқан Имашев // Ақиқат. – 1991. – № 12. – Б. 63–72.
54. Қамалов, М. Есімдері қағажу қалмасын десек [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / М. Қамалов // Торғай таңы. – 1990. – 25 қыркүйек. – Б. 3.
55. Сыздықова, Рәбиға. Ахаң өлең арнаған [Мәтін] : [журналист Н. Құлжанова туралы] / Р. Сыздықова // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 8 қыркүйек..
56. Хакімжанова, Мариям. Естен кетпес егіз бейне [Мәтін] : [ағартушы, журналист Нәзипа Құлжанова туралы] / М. Хакімжанова // Жұлдыз. – 1984. – № 9. – Б. 199–201.
57. Хакімжанова, Мәриям. Естен кетпес егіз бейне [Мәтін] : [педагог–ғалым Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардың еңбектері жайлы] / М. Хакімжанова // Торғай таңы. – 1977. – 6 сәуір. – Б. 4

Педагогикаға қосқан үлесі



Нәзипа Құлжанованың бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда жазған бірнеше кітаптары бар. 1923 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шығыпты. 1927 жылы «Ана мен бала» атты ғылыми-педагогикалық еңбектер жазды. Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз. Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен – Нәзипа Құлжанова. Нәзипа Құлжанова - Алаш қозғалысы кезінде қайраткерлігімен көзге түскен қазақ қыздарының бірі. Аумалы төкпелі заманда ел қамы үшін күрескен қайраткерлердің бірі. Қазақ қыздарынан шыққан ұстаз, этнограф, педагог, аудармашы, журналист Нәзипа Сағызбайқызы 1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын, 1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесін бітіреді. Оқып жүрген кезінен бастап өзін ұлт үшін күресуге даярлаған. Оқуын аяқтаған соң, 1905 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаз болған. Ұстаздық жұмысты атқара жүріп, этнография тақырыбын зерттеп, мақалалар жазып, талантын танытқан. Н. Құлжанова - қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі. Нәзипа Құлжанова 1887 жылдың 27 шілдесінде Қостанай облысы, Жанкелді ауданында туып өскен. 1982 жылы Ленинградтағы Орталық Мемлекеттік архив деректері бойынша Торғай облысындағы бірден-бір оқу орны – Қостанайдағы орыс-қазақ әйелдер прогимназиясын бітірді (1898-1903). 1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесін ойдағыдай аяқтап, біраз уақыт сол училищеде көмекші мұғалім болып тағайындалады. 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық еткен. Қазақ қыздарының арасында тұңғыш рет Географиялық қоғамның мүшесі болған Нәзипа Құлжанова 1914 жылы 26 қаңтар күні Семей қаласында ұлы Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай әдебиет кешін ұйымдастырып, сол кеште орыс тілінде тамаша баяндама жасап шығады. Ақын Абайдың өлмес даңқының сыр-сипатына терең баға береді. Алғаш рет Абай өлеңдерінің орысша аудармасынан үзінділер оқиды. Бұл Нәзипа Құлжанованың ең басты тарихи еңбегі болып табылады.

Нәзипа Құлжанова – қазақ қыздарынан шыққан

тұңғыш журналист

Нәзипаның шығармашылығы қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңімен (1917-1929 жж.) тұспа-тұс келді. Ол халықтың игілігіне жан аямай еңбек еткен Қандай заман болса да, әр кезде қазақ халқы ақсақалдардың айтқан сөздеріне құлақ асқан. Мысалы, Абылай хан қалмақтардың тұтқынына түскенде Қазыбек би қонтайшы Қалдан-Сереннің бетіне тіке қарап, сөзін айтқан. Нәтижесінде Абылай ханды құтқарып алған. Қазіргі кезде сөздің қадірін, бағасын білетін тұлғалар – қаламы ұшқыр, ойы өткір журналистер. Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист – Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова. Ол 1887 жылы 27 шілдеде Торғай қаласында дүниеге келген. Бұл уақытта қалада туылған қыздардың болашақ мүмкіндіктері ауыл өңірінде туып-өскен құрбылардың келешегіне қарағанда жақсы болған. Үлкен талант иесі Нәзипа 1902 жылы Қостанай қаласындағы орыс-қазақ гимназиясын тәмамдап, 1903-1904 жж. оқытушылар семинариясында ұстаз еткен. Нәзипа Сегізбайқызы жастайынан бері ержүрек, жігерлі кісі болған. Әке-шешесі Нәзипаны бір жігітке атастырып, қалыңмалын алған. Қыз бой жетіп, осы жігітті сүймегендіктен, оған тұрмысқа шығудан бас тартты. Нәзипа қазақ даласының салты бойынша бұрын берілген қалыңмалын қайтаруға тиісті болған. Бірақ, қыз отбасының материалдық жағдайы төмен еді... Енді қайтті? Қиын жағдайдан шығу үшін облыстық әскери прокурордың көмегіне жүгінді. Осылайша, мәселе өзінің оңтайлы шешімін тапқан. Нәзипа Сегізбайқызы жаны қалаған адамға тұрмысқа шыққан. Жұбайы Нұрғали Құлжанов – осы заманның көрнекті ағартушыларының бірі. Ол да мұғалімдік қызметін атқарған. 1905 жылы жанұя Семей қаласына көшіп келген. Құлжановтардың Семейге келуінің себебі – Нәзипаның ата-анасының ескі әдетпен біреуге атастырып, қызы үшін қалыңмал алып қойғандығы жұрттың тіліне тиек болған. Ал 1913 жылы Н. Сегізбайқызы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесінің «Азамат серіктестігі» ұйымының мүшесі атанған. Дарынды Нәзипа ұлы Абайдың шығармашылығын жақсы көрген. 1914 жылдың 26 қаңтарынан бастап Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай бірнеше әдеби кеш ұйымдастырды. Кештерде Абай өлеңдері оқылды. Бұл кезеңнен бері Нәзипа қоғам және саяси қайраткері ретінде танылды. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттерінде журналистің көптеген мақалалары жарық көре бастады. 1917 жылы Семей облысындағы қазақ съезіне атсалысып, сол съезд төралқасының құрамына енген. Нәзипаның шығармашылығы қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңімен (1917-1929жж.) тұспа-тұс келді. Ол әдебиет пен өнер саласында көптеген зерттеулерін жазды: «Әдебиетке көзқарас», «Қазақ әдебиеті», «Шолпан ақын қызы», «Семей театры» және

басқа. Сонымен бірге, Нәзипа көптеген мақаларында әйелдер үшін маңызды мәселелер туралы қалам тартты. Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» поэмасын Нәзипа Құлжановаға арнаған:

«Ардақты бар Нәзипа деген ханым,

Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.

Оқыса сондай әйел шығар ед деп,

Оқығандар бағалар сөздің дәмін.

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,

Семейдің одан өтер адал жанын...», – деп Нәзипа Сегізбайқызыны сипаттаған. Н.Құлжанова қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі ретінде танымал болып, сонымен бірге есімі педагог, ғалым, аудармашы ретінде де қазақ халқының тарихында мәңгілікке қалды. Ол екі тілде бірдей жүйректігімен де көзге түскен. Оның орыс тіліне жетіктігінің арқасында Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ғабит Мүсіреповтың шығармалары орыс тіліне аударылды. Ал қазақ оқырмандары қазақ тіліне аударылған Лев Толстой, Максим Горький, Александр Куприн, Владимир Короленконың әдеби туындыларымен танысты. Нәзипаның өтініші бойынша орыс композиторы Александр Затаевич «Қадыр зары», «Ғайни-ау, сәулем» әндеріне музыка жазды. 1920 жылы Н. Құлжанова Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының оқулықтар, кітаптар шығару бойынша арнайы комиссияның құрамында да жұмыс істеді. Сонымен бірге, Нәзипа қазақ әліппесін дайындаған маман ретінде белгілі. 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Айқап» журналдарында жұмыс істеп, «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарында өз мақалаларын жариялаған. 1922 жылы Сәкен Сейфуллин Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы және «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы тағайындалды. Сейфуллин Нәзипаны аталмыш газетке жұмысқа шақырды. Қызмет барысында әріптестердің арасында беделі артып, Нәзипа Сегізбайқызы тез арада танымал авторлардың біріне айналды. Сонымен бірге педагогика саласында көптеген кітаптардың авторы: «Мектептегі дәстүрлі тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі», т.б. Қазіргі кезде де ғалымның еңбектері өзінің өзектілігінен айырған жоқ. Нәзипа Сегізбайқызы Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Молдағали Молдабаев, Аманғали Сегізбаев секілді әдебиет және қоғам қайраткерлерімен көп араласқан.

1929 жылы Нәзипа апай үйде отырып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мұрағат мәліметтерінің дерегінше, Құлжанованың денсаулығы нашарлап кетті. Бірақ ғалымның жағдайы жайында басқа пікір де бар. Яғни, Алашорданың қайраткерлерімен қарым-қатынас орнатып жүргендіктен, патша сақшыларының «назарына ілігеді». 1934 жылдың наурызында Нәзипа Құлжанова созылмалы аурудан көз жұмды. Мирас.Нұрланұлы.

Құлжанова Нәзипа Сағызбайқызы (1887-1934) педагог, этнограф, аудармашы, журналист

XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист. Н. Сағызбайқызы 1888 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеншары жерінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ы. Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903-1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып еңбек еткен. Одан кейін Орынбор қаласындағы Мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905-1920 жылдары сол Семей Мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызметте болған. Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі–журналист-публицист.Н. Сағызбайқызы 1888 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеншары жерінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ы. Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903-1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып еңбек еткен. Одан кейін Орынбор қаласындағы Мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905-1920 жылдары сол Семей Мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызметте болған. Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады :1. «Күллі

жер жүзінде»2. «Мектеп жасына толмаған бала»3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Назипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына

Назипа Құлжановаға арналған арнау өлендер

Рахатсыз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпасын, қарындасым.

Су да болар ол жолда тауда болар,
Жаудын оғы, жайған тор, ау да болар.
Мынау пайда,мынасы зиян демек,
Ол ерліктің ісі емес,сауда болар.

Мен өлсем де өлемін жөніменен,
Тәнен басқа немді алар өлім менен.
Өлген күні апарып тығады көр,
Мен жоқ болсам көміліп тәнімменен.

Тән көмілер,көмілмес өткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күндігін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бір күншіл, менікі – ертеңгі үшін.

А. Байтұрсынов

Самұрық

(Қазақстан әуе кемесіне жәрдем жинаушы бірінші қазақ әйелдері
комитетінің бастығы Нәзипаға тартам)

Қисада ұшқыр қиял айтылмыштан:
Ертеде самұрықпен Қасен ұшқан.
Жеті қат от пен судан көктей өтіп,
Перінің патшасының қызын құшқан.

Бұл қиял ертедегі еді жалған:
Перінің отанына Қасен барған,
Мінгізіп самұрыққа алып қашып—
Сұлуды Бадиғұлжамал өстіп алған.

Қазіргі шын самұрық—аэроплан,
Күңіrentіп жер мен көкке салып ұран,
Оған мінген еркіндік азаматы—
Большевик ер жүректі батыр ұлан.

Сән емес, аэроплан күшті көлік,
Арымас өзі жүйрік, мінсең берік.
Адамзат көркем тұрмыс бақытына
Жеткізетін сенімді ол бір берік.

Ғылымның аэроплан кереметі,
Еңбекшіл оған мінген азаматы.
Жеті қат самұрықтай көктен асқан,
Адамның темір топшы көк қанаты.

Жоғары ол самұрықтан бұлтты тескен,
Қалықтап көкті сүзіп талмай ескен.
Көк құрыш қанат-құйрық – бар денесі,
Төсімен сырылдатып көкті кескен.

Самұрық – аэроплан көктен асқан,
Алақан оған мінсең жер мен аспан.
Мінгізіп қанатына алып өтер
Асусыз мұхит, теңіз, тау мен тастан.

Рахима Сыздықова

«Таныстыру» поэмасын Нәзипа Құлжановаға арнаған.

«Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын...», – деп Нәзипа Сегізбайқызыны
Сипаттаған





Сұлтанмахмұт Торайғыров



1924-1925...
Из фонда РГГУ ЦГА КФДП РК. Арх. № 2.19619
Первая редакция газеты "Фабрика слова". Слова вкратце: А. Сагынбаев, К. Гайдуков, Н. Кутыдманов,
С. Сейфуллин, Т. Арсланбаев, С. Мухомов.
г. Оренбург, 1924-1925 гг.

